

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Биология**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Ж.Б.Ламарк «Зоология философиясы» деген еңбегінде көптеген мысалдармен дәлелдеп берді  
А) органикалық дүниенің өзгеретіндігін  
В) органикалық дүниенің өзгермейтіндігін  
С) жануарларды құдай жаратқандығын  
D) өсімдіктер мен жануарлар ұқсастығын  
E) жердің даму тарихын
  
2. К.Линней жүйесіндегі ең қарапайым жүйелік топ  
А) түр  
В) отряд  
С) класс  
D) тип  
E) туыс
  
3. Барлық жануарларды қандылар және қансыздар деп 2 үлкен топқа бөлген зерттеуші  
А) Бонне  
В) Аррениус  
С) Аристотель  
D) Гераклит  
E) Опарин
  
4. Эволюциялық ілімнің негізін салған ғалым  
А) Хейл  
В) Опарин  
С) Дарвин  
D) Гарвей  
E) Аррениус
  
5. Адамға қажетті өнімдерді биологиялық объектілердің көмегімен өндіру  
А) биотехнология  
В) селекция  
С) будандастыру  
D) клондау  
E) модификация

6. Эволюциялық даму барысында ірі жүйелік топтардың қалыптасу процесі

- A) микроэволюция
- B) түртүзілу
- C) конвергенция
- D) қозғаушы сұрыптау
- E) макроэволюция

7. Популяцияларда даралар санының оқтын-оқтын кездейсоқ маусымдық өзгерістерге сәйкес өзгеріп отыруы

- A) биологиялық оқшаулану
- B) кеңістіктік оқшаулану
- C) популяциялық толқындар
- D) қозғаушы сұрыптау
- E) дизруптивті сұрыптау

8. Популяцияларда әртүрлі эволюциялық факторлардың әсерінен болатын ең қарапайым эволюциялық құбылыс

- A) микроэволюция процесі
- B) макроэволюция процесі
- C) экологиялық өзгеріс
- D) модификациялық өзгеріс
- E) географиялық өзгеріс

9. Организмдерде табиғи орта жағдайларында тіршілік етуі үшін қажетті белгілер мен қасиеттердің пайда болуы

- A) тұраралық күрес
- B) табиғи сұрыпталу
- C) түрішілік күрес
- D) бейімделушілік
- E) бағытталған күрес

10. Өзінен соң ұрпақ қалдыра алатын, белгілі бір орта жағдайына жақсы бейімделген даралардың тірі қалуы

- A) тұраралық күрес
- B) табиғи сұрыпталу
- C) түрішілік күрес
- D) қолайсыз ортамен күрес
- E) бағытталған күрес

11. Көп әрі белсенді қимылдаған мүшелерде қан ағысы күшейіп, ондай мүше жақсы өседі әрі тұқым қуалайды деп түсіндірген ғалым

- A) Дарвин
- B) Ламарк
- C) Линней
- D) Сент-Илер
- E) Кювье

12. Алғашқы эволюциялық теорияның негізін қалаушы жаратылыс зерттеушісі

- A) Ламарк
- B) Сент-Илер
- C) Дарвин
- D) Линней
- E) Кювье

13. К.Линней жүйесіндегі ең ірі жүйелік топ

- A) түр
- B) отряд
- C) класс
- D) тип
- E) туыс

14. К.Линней ұсынған организмнің кез келген түрін латынның екі сөзімен атайтын ғылыми жүйе

- A) симбиогенез теориясы
- B) фагоцителла теориясы
- C) бинарлық номенклатура
- D) табиғи жүйе
- E) эволюциялық жүйе

15. К.Линней жануарлар дүниесін мына мүшелерінің құрылысына қарай 6 класқа жіктеді

- A) көбею және даму
- B) қанайналым және тыныс алу
- C) жабын және қорғаныс
- D) зәр шығару және қозғалу
- E) ас қорыту және көбею

16. Өз тәжірибесі арқылы шыбынның өзі салған жұмыртқадан ғана шығатынын, яғни шыбынның өздігінен пайда болмайтынын дәлелдеген ғалым

- A) Реди
- B) Опарин
- C) Пастер
- D) Прейер
- E) Холдейн

17. Қарапайым тәжірибе арқылы «организм тек тірі организмнен ғана пайда болады» деген теорияны қолдаған ғалым

- A) Реди
- B) Опарин
- C) Пастер
- D) Прейер
- E) Холдейн

18. Генді бөтен жасушаға апарып салу

- A) трансгеноз
- B) клондау
- C) рекомбинация
- D) трансплантация
- E) селекция

19. Әр түрге жататын организмдердің хромосомалар жиынтығының бірігуі нәтижесінде пайда болады

- A) гетерозис
- B) мутагенез
- C) аллополиплоидия
- D) автополиплоидия
- E) полиплоидия

20. Бір түрге жататын организмдердің хромосома санының еселеніп артуы

- A) гетерозис
- B) мутагенез
- C) аллополиплоидия
- D) автополиплоидия
- E) полиплоидия

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Жануарлар анатомиясы және физиологиясы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Рефлекторлық доға неше буыннан тұрады

- A) 1
- B) 3
- C) 5
- D) 4
- E) 2

2. Орталық жүйке жүйесінің негізгі қызмет түрі:

- A) өткізу
- B) жиырылу
- C) тежелу
- D) рефлекс
- E) козу

3. Көз алмасының торлы қабатындағы түрлі түсті қабылдайтын жасушалар

- A) таяқшалар
- B) сауытшалар
- C) торлар
- D) пигментті жасушалар
- E) таяқшалар мен сауытшалар

4. Сыртқы құлақпен ортаңғы құлақтың арасындағы перде

- A) дабыл пердесі
- B) дабыл жарғағы
- C) дабыл қуысы
- D) дөңгелек қапшық
- E) резонатор

5. Қуат алмасуға әсер ететін эндокринді бездер

- A) эпифиз, тимус
- B) гипофиз, эпифиз
- C) қалқанша, қалқанша маңындағы без
- D) гипофиз, қалқанша без
- E) аталық, аналық бездері

6. Қалқаншамаңы безінің гармоны

- A) паратгормон
- B) вазопрессин
- C) окситоцин
- D) тироксин
- E) липокаин

7. Үш жақтаулы қақпақша жауып тұратын жүректің қуысы:

- A) сол жақ қарыншаны
- B) оң жақ қарыншаны
- C) жүрек аралықтарын
- D) аорта артериясын
- E) өкпе артериясын

8. Кеуде қуысындағы ең ірі тамыр

- A) қолқа
- B) артерия
- C) көкірек қолқасы
- D) көкірек венасы
- E) өкпе артериясы

9. Аталық жыныс жасушалары дамитын мүше:

- A) енде
- B) ен бауында
- C) ен қосымшасында
- D) ен пердесінде
- E) ен қабында

10. Фолликулалардың жарылып жыныс жасушаларының бөлініп шығуы:

- A) овуляция
- B) овогенез
- C) сперматогенез
- D) диэструс
- E) метэструс

11. Бүйректің морфофункциональдық негізі:

- A) аксон
- B) тамырлы шумақ
- C) бүйрек каналшалары
- D) нейрон
- E) нефрон

12. Мүйіз өсіндісі қай қабаттың туындысы:

- A) дерма
- B) емізікше қабат
- C) торлы
- D) эпидермис
- E) негізгі қабат

13. Самай бұлшықеті қимылдататын сүйек:

- A) бет сүйегі
- B) үстіңгі жақты
- C) астыңғы жақты
- D) төбе сүйегін
- E) маңдай сүйегін

14. Акромион қай сүйекте:

- A) жамбаста
- B) ортан жілікте
- C) жауырында
- D) сирақта
- E) шынтақ сүйегінде

15. Құстардың тұмсығын құрайтын сүйектер:

- A) үстіңгі жақ
- B) мұрын сүйегі
- C) үстіңгі және астыңғы жақ
- D) маңдай сүйегі
- E) шықшыт сүйегі

16. Талдағыштардың атқаратын қызметі:

- A) ішкі, сыртқы ортадан тітіркендіргіштерді қабылдау
- B) ішкі ортадан тітіркендіргіштерді қабылдау
- C) сыртқы ортадан тітіркендіргіштерді қабылдау
- D) тітіркендіргіштерге жауап қайтару
- E) тітіркендіргіштерді қабылдап қайтару

17. Аралық мидың құрылымы:

- A) таламус, мишық
- B) ретикулярлық формация, таламус
- C) Варолиев көпірі, гипоталамус
- D) таламус, гипоталамус
- E) ақ, сұр заттардан

18. Көкбауырдың ересек жануарларда атқаратын қызметі:

- A) қанның қызыл клеткалары түзіледі
- B) қанның ақ клеткалары түзіледі
- C) қорғаныш қызметін атқарады
- D) қоректік қызмет атқарады
- E) қанның ақ және қызыл клеткалары түзіледі

19. Қанның сілтілік қоры:

- A) қандағы бикорбанаттардың мөлшері
- B) қандағы гемоглобиннің мөлшері
- C) қандағы фосфаттың мөлшері
- D) қандағы ацетаттың мөлшері
- E) қандағы белоктың мөлшері

20. Мойын аумағында беткей орналасқан лимфа

- A) жақ астының лимфа түйіні
- B) шықшыт астының лимфа түйіні
- C) жұтқыншақ лимфа түйіні
- D) жауырын алдының лимфа түйіні
- E) жұтқыншақ арты лимфа түйіні



*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

21. Оттегіні және қоректік заттарды тасымалдайтын бұлшықет ақуызы:

- A) глобулин
- B) актин
- C) миоглобин
- D) миозин
- E) эластин
- F) миоальбумин
- G) фибриноген
- H) коллаген

22. Бұлшықетке серпімділік қасиет беретін стромалық ақуыз:

- A) миоглобин
- B) коллаген
- C) миоальбумин
- D) актин
- E) миозин
- F) эластин
- G) глобулин
- H) фибриноген

23. Атлант сүйегі-ол:

- A) төс сүйегі
- B) кеуде сүйегі
- C) бірінші мойын омыртқасы
- D) екінші мойын омыртқасы
- E) бел омыртқасы
- F) жетінші мойын омыртқасы
- G) алтыншы мойын омыртқасы
- H) қабырға сүйегі

24. Ірі қараның көкірек омыртқасының саны

- A) 13-15
- B) 13-14
- C) 14-16
- D) 18-19
- E) 12-13
- F) 11-13
- G) 16-17
- H) 9-10

25. Жыныс бездерінің гормондары:

- A) прогестерон
- B) норадреналин
- C) адреналин
- D) эстроген
- E) паратгормон
- F) кальцитонин
- G) глюкагон
- H) тестостерон

26. Ас қорыту жолының ең ұзын бөліктері:

- A) тоқ ішек
- B) тік ішек
- C) аш ішек
- D) он екі елі ішек
- E) мықын ішек
- F) жіңішке ішек
- G) қатпаршақ
- H) ұлтабар

27. Нейрондардың түрлері:

- A) сенсорлы
- B) қалаушы
- C) нейроглиялы
- D) эфферентті
- E) аралас
- F) афферентті
- G) стромалық
- H) аралық

28. Нейрондар қызметі:

- A) тежеу
- B) өткізу
- C) өшіру
- D) жеткізу
- E) хабарды қабылдау
- F) жою
- G) сақтау
- H) талдау

29. Ацидоз түрлері:

- A) газды
- B) фосфатты
- C) теңгерілген
- D) бикарбонатты
- E) газсыз
- F) белокты
- G) теңгерілмеген
- H) гемоглобинді

30. Ішектің атқаратын қызметі:

- A) перистальтикалық
- B) сіңіру
- C) моторлық
- D) секреторлық
- E) өткізгіштік
- F) серпімділік
- G) жиырылғыштық
- H) экскреторлық

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Ішкі секреция бездерінің ерекшеліктері:

31. Қалқанша безі бөлетін гормон:

- A) тироксин, үшйодты тиронин
- B) тимозин, үшйодты тиронин
- C) серотонин, норадреналин
- D) тимозин, серотонин
- E) пролактин, тироксин

32. Мойын аумағында орналасқан ірі без:

- A) эпифиз
- B) гипофиз
- C) қалқанша без
- D) айырша без
- E) қалқанша серік безі

33. Гипофиздің алдыңғы бөлігінде кездесетін клеткалар:

- A) базофилдер, хромофобтар, ацидофильдер
- B) базофилдер, хромофобтар, тромбоциттер
- C) хромофобтар, ацидофильдер, тромбоциттер
- D) базофилдер, ацидофильдер, тромбоциттер
- E) ацидофильдер, тромбоциттер, эпителициттер

34. Гипоталамустың пептидті гормоны:

- A) өсу гормоны
- B) либерин, статин
- C) пролактин, тиретропин
- D) самототропин, пролактин
- E) самототропин, пролактин

35. Гипофиздің орналасқан жері:

- A) ортаңғы мидың артқы төмпешіктерінің арасында
- B) ортаңғы мидың алдыңғы төмпешіктерінің арасында
- C) артқы мидың алдыңғы төмпешіктерінің арасында
- D) аралық мидың алдыңғы төмпешіктерінің арасында
- E) аралық мида сынаша сүйектің үстінде

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Ішектегі ас қорыту ерекшеліктері:

36. Ащы ішектің ферменттері:

- A) трипсин, пепсин
- B) химотрипсин, пепсин
- C) трипсин, химотрипсин
- D) пепсин, аспарагин
- E) химозин, трипсин,

37. Ащы ішектегі ас қорыту кезеңдері.

- A) қуыстық, мембраналық, бөліну
- B) қуыстық, торшалық, бөліну
- C) қарындағы, мембраналық, сіңіру
- D) қуыстық, мембраналық, сіңіру
- E) қуыстық, торшалық, бөліну

38. Ірі қара малдың ащы ішегінің ұзындығы:

- A) 15-20 м
- B) 20-25 м
- C) 35-40 м
- D) 80-90 м
- E) 22-25 м

39. Ішектің кілегейлі қабатында:

- A) ірі өсінділер
- B) бүрлер болады
- C) макроскопиялық өсінді
- D) мукоциттер
- E) ацинустар

40. Ащы ішек бөлімі

- A) бүйен, аш ішек, мықын ішек
- B) он екі елі, аш ішек, бүйен
- C) бүйен, тік ішек, мықын ішек
- D) он екі елі, аш ішек, мықын ішек
- E) он екі елі, аш ішек, тік ішек

**2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.**